2	10.33	1. Студенттерге сұрақтар беру арқылы өткен сабаққа тоқталу. 2. «Қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы» атты жаңа тақырып-пен таныстыру. Қолданылған әдебиеттерге, сабақтың жоспарына шолу жасап, бірінші сұрақтың мәнін ашу (Педагогикалық технология ұғымы.	Слайдтың көмегімен студенттерге «Технология», «Педагогикалық технология» ұғымдарының пайда болуы және «Педагогикалық технология» ұғымына ғалымдардың берген анықтамаларының мәнін ашып түсіндіру	Оқытушы – студент	Power Point 	Сұрақ-жауап

		Педагогикалық технологияларға жалпы сипаттама. Педагогикалық технологияларды жобалау), яғни «Педагогикалық технология» ұғымының пайда болуы және осы ұғымға берілген анықтамаларға тоқтала отырып, ғалымдардың кезеңдерге бөлуінің де мәнін ашып көрсету				
3	10.41	Екінші сұрақтың мәнін ашу («Тәрбие технологиясы» ұғымы. Тәрбие технологияларының өзіндік ерекшелігі). Жалпы «Тәрбие технология» ұғымының пайда болуы және осы ұғымға ғалымдардың берген анықтамаларының мәнін ашып, түсіндіру және өзіндік 3 (үш) ерекшеліктерін саралап айту	«Тәрбие технологиясы» ұғымын «Педагогикалық технология» ұғымымен салыстыра түсіндіру, сондай-ақ, әр ерекшеліктердің мәнін жеке пайымдау	Оқытушы – студент	Power Point, буклет 	Сұрақ-жауап
4	10.51	Үшінші сұрақтың мәнін ашу (Технологияның тәрбие әдістемесінен айырмашылығы. Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлері). Яғни, айырмашылығын көрсету және тәрбие жұмысын жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлеріне талдау жасау	Технологияның тәрбие әдістемесінен айырмашылығын сәйкестендіру әдісі арқылы түсіндіру. Теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлерді түсіндіре отырып, ара жігін ашып тақтаға жаздыру	Оқытушы – студент	Power Point, плакат 	Сұрақ-жауап
5	11.00	Төртінші сұрақтың мәнін ашу (Тәрбие технологияларының тиімділігінің педагогика-	Шетелдік, ресейлік, отандық ғалымдар В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Ф.А.Мустаева, Л.Е.Никитина,	Оқытушы – студент	Power Point, etc 	Сұрақ-жауап

		калық шарттары. Тәрбие технологияларының жіктелісінің әртүрлі тәсілдері: В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Ф.А.Мустаева, Л.Е.Никитина, И.П.Подласый, Г.К.Селевко). Аты аталған ғалымдар бойынша жіктеме жасай отырып, анықтамаларға талдау жасау	И.П.Подласый, Г.К.Селевко зерттеуі бойынша тәрбие технологияларының жіктелісіне «Ете» бағдарламасы арқылы талдау жүргізу, педагогикалық шарттарды дәптерге жаздыру			
	11.08	Бесінші сұрақтың мәнін ашу (Топтық тәрбиелік істі ұйымдастыру мен өткізу технологияларына сипаттама (Н.Е.Щуркова бойынша), ынтымақтастық педагогикасы, ізгіліктұлғалық технология (Ш.А.Амонашвили) және т.б.). Осы ғалымдар бойынша тәрбиелік істі ұйымдастыру технологияларын негіздеу	Н.Е.Щуркова, Ш.А.Амонашвили зерттеуі бойынша тәрбие технологияларына слайдтың көмегімен сипаттама беру	Оқытушы – студент	Power Point 	Сұрақ-жауап
	11.13	Сабақты қорытындылау ретінде (электрондық оқулық арқылы 5 блиц-тур сұрақтары, тест тапсырмалары арқылы 10 сұрақ беру	Барлық сұрақтарға қысқаша шолу жасау	Оқытушы – студент	Power Point, электрондық оқулық және «Google» тест 	Блиц-тур сұрақтары, «Google» тест
	11.17	Бағалау	Студенттерді білім деңгейлері мен белсенділіктеріне қарай бағалау	Оқытушы	Power Point	Платонус жүйесі бойынша
	11.20	Үйге тапсырма	Қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясының ара жігін тереңірек аша білу және глоссарий жазып келу	Оқытушы		

БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕР-СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУЫ НЕГІЗІ

Спаналиева Гулнур Турсимбетовна

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы

Факультет	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар
Кафедрасы	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
Оқытушының аты-жөні	Спаналиева Гулнур Турсимбетовна
Оқытушының ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Аға оқытушы, Педагогика магистрі
Пәні	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
Курсы	1-курс
Тобы мен легі	ПМНО 23-3
Сабақтың тақырыбы	Бірлескен әрекеттер-сыни ойлауды дамыту негізі
Сабақтың мақсаты	Бірлескен әрекеттер арқылы білім алушылардың сыни көзқарастарын қалыптастырудың әдістемесін меңгерту, студенттердің зерттеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту
Сабақтың түрі	Практикалық сабақ
Инт пайдалану формасы	СТО технологиясының стратегиялары, бейнебаян, Wordwall платформасы, Quizz платформасы
Сценарийдің формасы	Ізденіс, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау, сұхбат, интербелсенді әдістер.
Ашық сабақ өткізу күні мен орны	12.03.2024 ж. 5.1.304 аудитория

ИНТ ПАЙДАЛАНЫП ӨТКІЗІЛЕТІН АШЫҚ САБАҚТЫҢ СЦЕНАРИЙІ

1	Ұйымдастыру кезеңі: а) Студенттерді түгелдеу ә) Аудиториядағы студенттердің сабаққа дайындығы.
2	«Қызығушылықты ояту» а) Мотивация яғни уәж туғызу. Студенттерді сәттілікке бағыттау мақсатындағы оқытушының сөзі: «Топтағы барлық студенттер ХХІ ғасырда қажетті дағдыларды меңгерген, өте сауатты, заманауи білім алушылар деп Сіздерді есептейтін болғандықтан, ашық сабақ жоспарлау барысында сіздерді таңдап алдым. Мен сіздерге сенемін» дей отыра студенттер бойында уәж туғыздым. Топтағы барлық студенттерге жақсы ниетте екендігімді білдіруім арқылы үйренушілер арасында сенім атмосферасын қалыптастыру. б) Психологиялық ахуал, қолайлы орта қалыптастыру мақсатында «Сағат тілімен дос табу» ойсергегі ойнату.
3	«Мағынаны тану» кезеңі Wordwall платформасы арқылы студенттерді кездейсоқ топқа бөлу.
4	Күтілетін нәтижеге қол жеткізу мақсатында топта жұмыс істеу реті мен баршаға ортақ белгілерді еске түсіру.
5	Өткен сабақты еске түсіру. Жеке жұмыс: Quizz платформасы арқылы тест орындалу. Интербелсенді тақтадан QR code көрсетіліп, quizz платформасы арқылы студенттер жабық тест тапсырып, нәтижесі сол мезетте шығарылды. Тест бойынша студенттер бұрынғы білімдерін есіне түсіреді. Тест нәтижесі тақтадан көрсету.

6	3- топқа кесте таратылып тың идея ұстанушы, үйлестіруші, уақытты қадағалаушы, зерттеуші, бағалаушы рөлдері өз таңдаулары бойынша ерікті түрде белгіленеді.Осылайша барлық студенттер қамтылды.								
	Топ мүшелерінің қызметін анықтау								
	Аты-жөні	Тың идея ұсынушы	Үйлестіруші	Уақытты қадағалаушы	Зерттеуші	Бағалаушы			
7	Студенттердің өз-өздерін бағалайтындығы ескертіліп табыс критерийі, постерді бағалау рубрикасы естеріне салынды. Тапсырманың уақытында орындалуы, Топ мүшелерінің белсенді қатысуы, тақырыптың ашылуы, Таныстырылым кезінде идеяны аша білуін ескеріп, сабақта орындалатын 5 тапсырманың әрқайсысы 5 мен-20 балл арасындағы балдық жүйемен бағалау қажеттілігін ескертіледі.								
	Постерді бағалау								
	№	Құзыреттілігі	Балл	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	4-тапсырма	5-тапсырма	
	1.	Тапсырманың уақытында орындалуы	1-5						
	2.	Топ мүшелерінің белсенді қатысуы	1-5						
	3.	Мазмұндылығы мен тақырыптың ашылуы	1-5						
	4.	Безендірілуі	1-5						
	5.	Таныстырылым кезінде идеяны аша білуі	1-5						
	8	Білім алушылармен бірлесіп, сабақ мақсаттары қою. Сабақтың жоспары Атаулар кестесіне жазылып, 3 топқа таратылып, Проблема туралы не білесіздер? Не білгіңіз келед» Тақырыпқа қандай өзгерістер енгізер едіңіз? деген сұрақтар жазылып, студенттерге алдымен жеке ойланып,содан кейін топ ішінде өз ойларын ортаға салу тапсырылады. Осыдан соң топтағы туындаған ойлар тыңдалады. Студенттердің өз мұқтаждықтарынан туындаған,өздері құрастырған мақсаттар үйренушілердің жаңа білімге деген ынталарын көтеруге септігін тигізеді.							
		Атаулар кестесі							
		Атау туралы білімдеріңіз, мағлұматтарыңыз, түсініктеріңіз, Не білгіңіз келеді?							
№1 атау Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының қағидалары және тиімділігі		№2 атау Дәстүрлі оқыту мен сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясыны айырмашылықтары			№3 атау Үйретудің тиімді әдістері				
Студенттердің жарияланымын өздеріне бағалату.									
9		Сабақтың жоспарына сәйкес Бірінші сұрақ «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының қағидалары және тиімділігі» бойынша ақпарат бірінші топқа беріліп, «фишбоун» әдісі арқылы тақырыптың проблемасы бойынша себептерін анықтап, дәлелдерін келтіріп.қорытынды жасау тапсырылды.							

	Практикалық сабақтың екінші сұрағы «Дәстүрлі оқыту мен сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының айырмашылықтары» туралы ақпарат екінші топқа ұсынылып, SWOT талдау әдісі бойынша сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының мықты жағы, әлсіз жағы, мүмкіндіктері, қауіп-қатерлерін талдау тапсырылды. Үшінші топқа жоспардың үшінші сұрағы «Үйретудің тиімді әдістері» сұрағы бойынша «Көпіршіктер» стратегиясын пайдаланып, ақпаратты зерттеу, талдау, бағалау дәлелдеу тапсырылды. Топтағы <i>бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстарына уақыт беріледі.</i>
10	«Ой толғаныс» кезеңі. жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып жаңа білім құрастырды және дайын топ бір мезгілде 3 рет қол шапалақтау арқылы топтарының мәлімдеуге дайын екендіктерін білдіріп, өз постерлерін қорғайды. Студенттердің жарияланымын өздеріне бағалату.
11	Тақтадан бейнебаян көрсетіліп студенттердің Жаңа білімді нақты бір проблема шешуде қолдана алу дағдыларын дамыту мақсатында топтарға Кемшіліктер кілті, рефлексия кілті, сұрақтар кілті тапсырмасы берілді Бейнебаяннан кемшілік тауып дәйек келтіру 1-топқа, өз-өздеріне рефлексиялық есеп беру 2- топқа, ашық сұрақ құрастыру 3- топқа берілді. Студенттердің өзіндік пікірлері тыңдалды. Студенттер өз-өздерін бағалайды.
12	Сабақты бекіту ПОПС формуласын толтыру тапсырмасы арқылы орындалды. «Попс формуласы» 1-сөйлем. «Менің ойымша,...» 2-сөйлем. «Себебі мен оны...» деп түсінемін. 3-сөйлем. «Оны мен ... Деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын» 4-сөйлем. «Осыған байланысты мен...» деген шешімге келдім. Студенттер өз-өздерін бағалайды. Қорытынды балл есептеліп, жеңімпаз топты атау.
13	Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісін қолдану арқылы смс түрінде орындалды.

«ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ»

«UNI USTAZ» ЖОБАСЫ

Айтекова Анар Рапильбековна, Исақата Бекарыс Жолбайұлы
Ю. Гагарин атындағы мектеп-лицейі КММ, Жамбыл облысы

Кіріспе

Инновациялық жобаның өзектілігі: «Uni USTAZ» клубына мүше педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту.

Мақсаты:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа технологияларын белсенді енгізу арқылы мектептің кәсіби даму кеңістігін құру үшін педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту.

Міндеттері:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа технологияларын белсенді енгізу арқылы мектептің кәсіби даму кеңістігін құру;
2. Нәтижеге бағытталған жаңа инновациялық білім беру;
3. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру және білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа технологияларын белсенді енгізу арқылы мектептің кәсіби даму кеңістігі құрылады;
2. Нәтижеге бағытталған жаңа инновациялық білім беру жүйесі енгізіледі;
3. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктері артып, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары артады.

«Uni USTAZ» жобасын іске асыру кезеңдері:

Негізгі бөлім

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді: «Қазіргі экономиканы цифрландыру» - нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту («Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы). «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу. Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағытының бірі – «Адами капиталды дамыту»-жаңа жағдайға-экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

Бұл бағыттың негізгі талаптарының бірі: Білім берудің барлық деңгейінің мазмұнын барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажеттігін көрсетуінде. Сонымен қатар, соңғы оқу жылдарында әр педагог интернет материалдарын қолдануды, заманауи

бағдарламалармен жұмыс істеуді өзінің қабілеті мен мүмкіндігіне қарай игерді. Бірақ әлемде болып жатқан пандемияға қатысты жағдай педагогтың цифрлық іскерлігі мен дағдыларының міндетті және қажет бола бастағанын көрсетті. Осыларға байланысты, педагогтың сандық сауаттылығы дегеніміз не? Жаппай цифрландыруға байланысты педагогтардың қандай дағдыларына сұраныс көбейді? Қандай цифрлық құзыреттіліктерді дамыту қажет? - деген сияқты сұрақтар саны артты?

Зерттеушілер А.Ю.Гузенко, А.Кузин білім беру мекемелері түлектерінің және жалпы халықтың ақпараттық құзыреттілігін еуразиялық интеграцияның шарты деп санай отыра, олар жаһандық проблеманы шешу - адамдарды өмірдің жаңа жағдайларына және жоғары автоматтандырылған ақпараттық ортадағы өмірі мен кәсіби қызметіне дайындау қажеттілігін мойындайды (Гузенко А. Ю., Кузин А. С. Ақпараттық сауаттылық - табысты еуразиялық интеграцияның шарты ретінде //Әскери істердің гуманитарлық мәселелері. - 2017. - № 2 (11). - Б. 23—25). Сол себепті жоба педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында жасалды.

«Uni» – «universal», қазақша «әмбебап» деген мағынаны береді. USTAZ – ол ұстаз, яғни әмбебап ұстаз деген мағынаны береді. Қазіргі педагог тек өз пәні бойынша білімді болып қоймай, сонымен қатар цифрлық, ақпараттық, жаһандық құзыретті болуы шарт. Педагогтің олай қалыптастасуына мектеп әдіскерінің қосатын үлесі зор. Сондықтан осы жоба жасалынды.

«Uni USTAZ» клубы мүшелері



Ментор (ғылыми жетекші)



Тренерлер (6 педагог)



Пән мұғалімдері (18 педагог)
Тренерлер тізімі

№	Бірлестік атауы	Тренер
1	Ағылшын тілі пәні бірлестігі	Жубаева Б
2	Орыс тілі пәні бірлестігі	Малденова А
3	Тарих пәні бірлестігі	Дайрабаева Ж
4	Жаратылыстану бірлестігі	Айтекова А
5	МИФ пәні бірлестігі	Садықов О
6	Қазақ тілі және әдебиет бірлестігі	Абдыхалыкова Л

**I кезең «Life Hacks»
(қазан-қараша айларында)**

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Креативті слайд жасаудағы Life Hacks		
2	Жаңаша білім берудегі жаңа Life Hacks		
3	Интернетсіз платформаларды сабақта қолдану бойынша Life Hacks		
4	Сабақ кезінде АКТ құрылғыларын тиімді пайдалану бойынша Life Hacks		
5	Power Point, Canva-да дайын шаблондарды пайдалану бойынша Life Hacks		
6	Сабақтарға түрлі бейнебаян түсіру бойынша Life Hacks		

**II кезең «Маған қажет әдістеме» («Әдістемелік жұма» күндері)
(Желтоқсан-қаңтар-ақпан айларында)**

Мерзімі	Тақырыбы	Жауапты
желтоқсан 1-ші жұма	Креативті слайд жасау фишкасы	
желтоқсан 2-ші жұма	4К	
желтоқсан 3-ші жұма	Merge cube, Story bird	
желтоқсан 4-ші жұма	Mozabook, Pow Toon, Mindama.com	
қаңтар 1-ші жұма	Tinklink.com, Padlet.com	
қаңтар 2-ші жұма	Куиз – тесттерді құрастыру платформалары: Quizz.com, Triventy.com, Anshercarden.com	
қаңтар 3-ші жұма	Формативті бағалауға арналған платформалар	
қаңтар 4-ші жұма	Кері байланыс алуға арналған платформалар: Mentimeter, Quizlet	

III кезең «Digital life»

№	Тақырыбы	Мерзімі
1	APP бағдарламасы арқылы ұялы телефонға электронды тапсырма құру	наурыз
2	Электронды оқулық жасау	наурыз

IV кезең «Z дәуірі»

№	Тақырыбы	Мерзімі
1	Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану	Сәуір
2	Сапалы қысқа бейнебаян, трейлер, сюжет түсіру, пост жасау	Сәуір

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, бүгінде цифрландырудың арқасында әлем бейнесі өзгеруде, адамзат өмірінің барлық салалары өзгеруде, педагогтың рөлі мен аспаптық мүмкіндіктерін өзгертетін жаңа қызмет түрлері, жаңа технологиялар пайда болатындығын мойындауға мәжбүр. Бұл өзгерістер, бір жағынан, оған қойылатын талаптарды белгілейді, ал екінші жағынан, білім беру үрдісінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін дамудың қосымша мүмкіндіктерін ұсынады. Олар білім беру үрдісі субъектілері арасындағы ақпараттық өзара әрекеттесудің жаңа парадигмасын анықтайды, оның негізгі бағыттары білім беру процесін жүзеге асыруда электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдануды кеңейту болып табылады; интеллектуалды әлеуетті дамытуға, білімді өз бетінше алу, жаңа технологияларды меңгеру құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім берудің әдістері мен формаларын дамыту. Қазіргі әлемде туындайтын жағдайлар, олардың белгісіздіктері педагогтардан жедел шешімдер қабылдауды, жаңа қызмет саласымен айналысуды, үнемі өзгеріп отыратын және барған сайын күрделене түсетін жұмыс міндеттері жағдайында ресурстарды басқаруды талап етеді.

Электрондық мәдениеттің жаңа жағдайында педагогтың кәсіби шеберлігі білім беру үдерісін ұйымдастырудың қажетті шарты екендігі айқын көрінеді, ол басқалармен қатар студенттерге педагогикалық және ақпараттық қолдау көрсетуде көрінеді. Мұндай шындықтар педагогтың жаңа дағдыларды игеру дағдыларын жетілдіруге және тез игеруіне, олардың технологиялық әлеуетін, цифрлық құзыреттілігін кеңейтуге ықпал етеді.

БАҒДАРЛАМА «SPEAKING CLUB»

Абаханова Ақбота Тлеубайқызы

№4 мектеп-лицей КММ Байзақ ауданы, Жамбыл облысы
6-сынып оқушыларына арналған вариативті курс бағдарламасы
(аптасына -1 сағат, барлығы -34 сағ)

Түсініктеме хат мазмұны

Көптілділік мәселесі бүкіл әлем алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі жаһандандыру және киберкеңістікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланылатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі деп атап көрсетілді.

Жаһандану заманында өскелең ұрпақтың дамуында ана тілі мен ағылшын тілінің алар орны ерекше. Білім берудің бүгінгі күнгі талабы - оқушының жан-жақты іс-әрекеттік қабілетінің дамуы. Ағылшын тілінің өзге ғылымдар мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі аз емес. Тіл — қарым-қатынас құралы болғандықтан барлық ғылымдардың негізі, оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі, оған қоса өзге салаларды дұрыс қабылдауға көмек береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әзірленген «Speaking Club» таңдау курсының бағдарламасы педагогиканың түрлі аспектілері: қарым-қатынас жасау, белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқуды негізге ала отырып әзірленген. Аталған аспектілер сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Бұл бағдарламаны жазуда бала дамуының ең жақын аймағына сүйену керектігін ескердік. Нақты жаттығуларды орындау барысында дамыта оқыту идеясымен үйлесетін жаңа технологияны қолдануды мақсат тұттық. Баланың ой-өрісін дамытатын жаттығулар жасауға, өлеңдерді талдауға, ақындр мен жазушылардың – хандар мен қамал бұзған хас батырлар, аталы сөз айтып, заманының сыншысы, кемеңгер ойшылы болған дуалы билердің өмірі мен еңбектерімен танысуға, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын ойтолғауларға уақыттың бөлінгені де дұрыс деп ойлаймыз.

Бағдарлама жаңартылған білім беру мазмұнының басты қағидаты - спиральділік негізінде құрылды, оның негізгі ерекшелігі: оқушылар шешендік өнерді, соның ішінде қазақ халқының дәстүрін бойына сіңіру арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Бағдарламаның негізгі басымдықтары:

- оқушы қайталап оқыған сайын ақпарат бекітіліп отырады;
 - жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
 - оқушыларға бұрын алған білімін оқу мақсатына жетуде жетістіктерге қол жеткізу үшін қолдану ұсынылады.
- Сонымен қатар, бағдарлама:
- оқушылардың білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктерін дамыту талаптарына сәйкес;
 - оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты:

- Оқушының қарым-қатынас мәдениетін дамытуға жағдай туғызу, грамматикалық ережелерді ескере отырып, еркін таза сөйлеуге бейімдеу, үйрету;
- оқушыларға коммуникацияның түрлі объектілерін қолдана білуіне: мәтін, диалог, монологты түсіну және құра білуге үйрету;
- ұлтаралық қатынас тілінде өзара байланыс және қарым-қатынас тәсілдерін меңгерту;
- оқушылардың өз бетінше іс-әрекетін жетілдіру, ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың ұлттық әдебиеттің құндылықтарын үйреніп жатқан тілде меңгеруге жағдай жасау. негізгі орта білім деңгейінде қазақ әдебиетінің мәйегін ағылшын тілінде игеруге практикалық негіз жасау.

Оқушыларды оқып жатқан ағылшын тілінің, елінің мәдениет, әдебиет әлеміне енгізу, оны туған мәдениетімен байланыстырып салыстыру;

Кітап оқуға деген ынтасын арттыру;

Өз бетімен іздену арқылы шығармашылыққа шыңдау;

Ұлттық әдебиеттің құндылық мұраларға деген талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту;

Бағдарламаның міндеті:

Таңдау курстың мазмұны базалық білім беруден ерекшелігі «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы әлемнің көптеген елдерінде кеңінен таралған. Осындай іс-шараны бірлескен оқу арқылы мұғалімдер әр бөлім бойынша параллель сыныптармен ұйымдастыра алады. Іс-шараның мақсаты – жеке тұлғаны патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұхият қарауға, оқу мәдениетін қолдау және дамытумен сауаттылық бағдарламасын арттыруға рухани мұраны сақтауға және оқуға деген жәрдемдесу болып табылады.

- 1) оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ағылшын тілін оқыту процесінде тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді жолдарын анықтау;
- 2) оқу қызметінің жеке түрлерін жетілдіруге және оларды игеруге ықпал тигізетін жаттығуларды анықтап, оларды зерттеу;
- 3) берілген материалдарды игеруді және талдауда кездесетін қиындықтар мен оқушылар жіберетін қателердің алдын алудың тиімді жолдарын табу;
- 4) оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және зерттеу; оқушы мектептегі оқу үдерісінің барлық кезеңінде тақырыпты немесе тапсырмаларды бірнеше рет қайталап оқиды;
- 5) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе тапсырманың күрделілігі арта түседі;
- 6) жаңа тақырыпты өту алдыңғы тақырыптармен тығыз байланысты және алдыңғы алынған ақпараттың мазмұны аясында қарастырылады.
- 7) Көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын дамыту;
- 8) Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шешендік сөздерді анықтау;
- 9) Би-шешендердің даналық сөздерінің мәнін түсінуге үйрету;
- 10) Өзіндік ой-пікір ағылшын тілінде айта білуге баулу.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

Ағылшын тілі пәнінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді. Бұл тәсіл аясында оқушылар оқу үдерісіне белсенді атсалысады, сол арқылы өздері үшін оқудың маңызын өздері анықтайды. Ағылшын тілінде сабақ жүргізуде қолданылатын педагогикалық тәсілдердің басым бөлігі зерттеуге негізделген оқу әдіс-тәсілдерінен тұрады. Жалпы

білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) оқу үдерісінде «білім алу жолын» білетін, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыру қағидасын ұстанады. Мұғалімдер әрбір сабақта оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Олар:

1. Зерттеушілік тәсілі

2. Құндылықтарға бағытталған тәсіл.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;

2) құрмет;

3) ынтымақтастық;

4) еңбек пен шығармашылық;

5) ашықтық;

6) өмір бойы білім алу белгіленді.

3. Тұлғаға бағдарланған тәсіл.

4. Іс-әрекеттік тәсіл.

5. Саралап оқыту тәсілі.

6. Құзыреттілік тәсілі.

7. Коммуникативтік тәсіл.

8. Интегративтік тәсіл.

9. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

7-сынып оқушыларына арналған «Speaking Club» факультатив сабағының негізгі мақсаты:

ө ауызекі тілде сөйлету шет ел тілді оқытудың басты міндеті болғандықтан, осы бағдарлама арқылы ұлттық әдебиетіміздің әр кезеңдегі ақын, жазушылардың еңбектерімен таныса отырып, оқушының ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін қалыптастыру.

Бағдарламада қазақтың атақты ақыны, жазушысы, сазгер Абай Құнанбаевтың шәкірті Әріп ақын мен Ақтайлақ би шығармаларын, халық ертегісі, қисса дастандарды, шешендік сөздерді ел ішінен тірнектеп жинап, жарыққа шығарған Еркін Жұмағұловтың еңбектері қамтылған. Берілген жаттығулар оқушының жас ерекшелігі мен қабілетіне сәйкес құрылған. Ұсынылған тапсырмалар ағылшын тілі сабағынан алған білімдерін тексеруге, оны толықтыруға, оқушының оқуға деген жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Ағылшын тілі пәні шыдамдылықты, зеректілікті және еңбексүйгіштікті талап етеді. Бағдарламадағы берілген оқу материалдары осыны есепке ала отырып әзірленді.

Бағдарлама жеті бөлімнен тұрады. Онда мектеп бағдарламасындағы материалдарды тереңдете отырып, ұлттық әдебиетті ағылшын тілінде меңгерту көзделген.

Әдебиет - ғасырдың келісімі/ Literature is the deal of century - әдеби кітаптарды оқу арқылы үшқыр ойға, тапқырлыққа, өздігінен жұмыс істеуге бейімделеді.

Өлең сөздің құдіреті/Power of poetic speech - ойлауды, тапқырлықты, қырағылықты дамытып, дарынды балаларды таныта біледі.

Құндылықтар/ Values – шешен сөздер, толғау, термелерді оқу арқылы оқушылардың тілін ширатып, ойын түйіндейді, ой-өрісін дамытады.

Сиқырлы әлем/ A magical world – тәрбиелік жағынан алсақ ертегілер бірлік пен достыққа тәрбиелеп, жағымсыз қылықтардан алыс жүруге бейімдейді.

Таңдамалы өлеңдер/ Selected poems – өлеңдер жинағы баланың киялын дамытады, ұлттық әдебиет арқылы ағылшын пәніне деген қызығушылығын арттырады.

Ұрпаққа мұра /Descendant inheritance - жас жеткіншектердің тапқырлығы мен дүниетанымын дамытып, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйретеді.

Шығармашылық тапсырма /Creative work - орындау барысында оқушы оқып үйренгенінің жаңа қырларын ашады, өз ой-пікірін айтады, табылған мәліметтер бойынша қорытынды жасауға үйренеді.

Тұрақтылау(мазмұндық)бөлімі
Speaking Club.

Сынып 6. Жылдық сағат саны -34.

I бөлім. Literature is the deal of century -8

1 - сабақ. (1 сағат) Тақырыбы: The Son of nation;

Biography of Erkin Zhumagulov

«Ел перзенті» ақын, жазушы туралы мағлұмат алады

2 - сабақ.(1 сағат) . Тақырыбы: Arip – the light of Kazakh poetry

Әріп ақын өмір деректерімен танысады

3- сабақ.(1сағат) . Тақырыбы: Arip - the best student of Abai

Ұлы Абай шәкірттерінің еңбектерін оқиды

4- сабақ.(1сағат) . Тақырыбы: A song about Arip

Әріпке арналған өлеңдерді талдайды.

5- сабақ.(1 сағат) . Тақырыбы:Pushkin's poem was translated by Arip

Орыс классикасы «Евгений Онегин» туралы оқиды.(Әріп акынның нұсқасында)

6- сабақ.(1 сағат) . Тақырыбы: Aktailak bi

Білгір би, ақиық акын Ақтайлақ би туралы оқып,біледі

7- сабақ.(1 сағат) . Тақырыбы: Wise power

Сол кезеңдегі әдебиет және ел билігіндегі Ақтайлақ бидің ақылдылығы мен әділдігі туралы оқып, мазмұндайды

8- сабақ.(1 сағат) . Тақырыбы: Last meeting

Ақтайлақ би мен Тіленші би туралы оқып, талдайды

II бөлім. Power of poetic speech -8

9- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About friends,relatives, neighbours

Досқа,ағайын,көршіге арналған өсиеттермен танысады

10- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About a bad father

Кейіпкерге мінездеме береді

11- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы:About boaster

«Мақтаншақ,бекер мал шашпақ» мағынасын ашады

12- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About craftsman or hardworking man

Өлеңің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау

13- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: Don't sell your honor for the meal

Өлең мазмұны бойынша түсінгендерін өз сөздерімен баяндайды

14- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About good and bad man

Өлеңнің мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ойын нақыл сөзбен жеткізу.

15- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About polite man

Өлеңдегі кейіпкердің іс- әрекетін бағалайды

16- сабақ.(1 сағат) Тақырыбы: About selfish man

Сұрақтар қою арқылы өлеңді талдауға үйренеді

III бөлім. Values – 4

17- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: National tradition; bata беру or bless

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баулу

18- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Shezhire – history of ancient ancestors

Ұлттық әдебиеттің құндылықтарына деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру.

19- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Termeler

Пікірлерін бағалауды, қорытынды жасауды үйренеді.

20- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы:Tolgau

Ұлттық құндылықтарды бағалай білу.

IV бөлім. A magical world – 2

21- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Aiaz bi – fairy tale (translated by Ukrainian poet Olga Timokhina)

Танымдық іс – әрекеттерін ұйымдастыру.

22- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Power of speech

Рөлдік сахналау арқылы қабілеттерін шыңдау

V бөлім. Selected poems – 7

23- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Kazakh anthem

Қазақстанның байлығын мақтаныш сезіммен жеткізуді үйренеді

24- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: To poet, writer Ergazi Rakhimov

Кейіпкерге мінездеме айтып үйренеді.

25 - сабақ(1 сағат). Тақырыбы: To my country, to my village

Өлеңнің негізгі идеясын ашу.Адамгершілік құндылықтарын айқындау.

26 - сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: My Kazakh people

Ұлттық намысымызды оятатын би- шешендеріміздің сөздерін бағалай, саралай, сөз өнерін сүйе білуге үйрету.

27 - сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: The Kazakh's dastarkhan (meals)

Мысал арқылы ой тұжырымдау

28- сабақ.(1сағат). Тақырыбы Nauriz wishes

Қазақ халқының тарихы өткен белестерден сыр шертеді.

29- сабақ.(1 сағат). Тақырыбы: Teacher – master

Өнердің сырын ұғындыру.

VI бөлім. Descendant inheritance – 4

30 сабақ.(1сағат). Тақырыбы: Positive future
Көркем сөздер, қара сөздер, нақыл сөздердің мағынасын аша отырып, дұрыс пайдалана білуге үйренеді.

1- сабақ.(1сағат). Тақырыбы: Perfect young generation

Ұлттық әдебиеттің құндылықтарын меңгерту

32- сабақ.(1сағат). Тақырыбы: My motherland – Kazakhstan

Ана тілдің құдіреттілігін түсіндіру

33- сабақ.(1сағат). Тақырыбы: National literature – prides

Кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру

VII бөлім. Creative work – 1

34 - сабақ.(1сағат). Тақырыбы: Essay “ The son of nation”

Мәтінді оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлап, талқылауға үйрету, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдыру.

Оқушыларды ізденуге, ағылшын тілінде ойын жеткізуге, шығармашылыққа баулу. Осы бағдарламаны меңгерту арқылы бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу.

Бағдарламаның жаңалығы: Ұлттық әдебиетіміздің құндылықтарын тауып, күннен күнге жаңарып, ақын, жазушылармен толысып, «Ел перзенті» деп атаған Еркін Жұмағұловтың еңбектерімен танысып, ұлы Абайдың шәкірті Әріп ақын, Ақтайлақ би туралы аңыздарды оқып, ағылшын тілінде айта білу.

Нормативті бөлім

Р/с	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі
			барлығы	Лекция/ Теория/Тәжірибе 1	Тәжірибе/ Тәжірибе 2	
№ 1	MODULE I. Litrature is the deal of century . Барлығы 8 сағат: теория 3, тәжірибе 5.					
1.1	The Son of nation; Biography of Erkin Zhumagulov	6.А/И2. Шығармаларда-ғы көркем ауыстыруларды анықтау	1	1		Дәріс «Ел перзенті» ақын, жазушы туралы мағлұ-мат алады
1.2	Arip – the light of Kazakh poetry	6.1.4.1 көркем шығарма-лардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту,	1	1		Конференция сабақ Әріп ақын өмір деректерімен танысады
1.3	Arip - the best student of Abai	6.3.2.1 кейіпкер-лер жүйесінің за-манауи жаңа-шылдығын өзара салыстырып баға беру;	1		1	Танымдық сабақ Ұлы Абай шәкірт-терінің еңбектерін оқиды
1.4	A song about Arip	6.Т/Ж2.Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.	1	1		Практикалық дәріс Әріпке арнал-ған өлеңдерді талдайды
1.5	Pushkin’s poem translated by Arip	6.А/И3. Шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтау.	1		1	Диалогтық оқыту

						Орыс классикасы «Евгений Онегин» туралы оқиды
1.6	Aktailak bi	6.Т/Ж4. Көркем шығармадан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.	1		1	Іздену сабақ Білгір би, ақиық ақын Ақтайлақ би туралы оқып,біледі
1.7	Wise power	6.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. 7.1.2.1. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау	1		1	Практикалық дәріс, талдау, Сол кезеңдегі әдебиет және ел билігіндегі Ақтайлақ бидің ақылдылығы мен әділдігі туралы оқып, мазмұндайды

1.8	Last meeting	6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын	1		1	Практикалық талдау Ақтайлақ би мен Тіленші би
		отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;				туралы оқып, талдайды

№ 2 MODULE II.		Power of poetic speech	Барлығы 8 сағат: теория 8, тәжірибе			
2.1	About friends,relatives, neighbours	6 Т/Ж3. Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.	1	1		Дәріс Досқа, ағайын, көршіге арналған өсиеттер-мен танысады
2.2	About a bad father,	/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	1	1		Дәріс Еңбексіз тапқан артық дәулеттің зияндығы туралы оқиды
2.3	About boaster	6.А/И4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.	1	1		Талдау дәрісі «Мақтаншақ,бек ер мал шаш-пақ» мағына-сын ашады
2.4	About craftsman or hardworking man	6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.	1	1		Талдау дәрісі «Еңбектің наны тәтті» адал еңбекке баулу туралы айтылады, мазмұнын ашады.
2.5	Don't sell your honor for the meal	6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.	1	1		Талдау, өзін өзі бағалау. Ар-намысты жоғары ұстау

						керектігі туралы айтылады.
2.6	About good and bad man	6.А/И4. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу	1	1		Талдау дәрісі Жақсы мен жаманды ажырата білу керектігі туралы ойла-рын айтады.
2.7	About polite man	6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	1	1		Талдау дәрісі Идеясын ашады.
2.8	About selfish man	6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	1	1		Талдау дәрісі Адамды менсінбеу, көкіректіктен аулақ болуға үйрете отырып, мәнерлеп оқуды меңгереді
№ 3 MODULE III. Values Барлығы 8 сағат: теория 1, тәжірибе 3						
3.1	National tradition; batabery or bless	6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	1	1		Ұлттық дәстүрді насихаттай отырып, сөздің қолдану мағынасын түсінеді
3.2	Shezhire – history of ancient ancestors	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	1		1	Талдау дәрісі Жеті ата туралы мағлұмат алады.
3.3	Termeler	6.2.2. поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін ашады	1		1	Практикалық дәріс Термелердің ерекшеліктерін түсінеді
3.4	Tolgau	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	1		1	
№ 4 MODULE IV. A magical world Барлығы 2 сағат: теория 1, тәжірибе 1						
4.1	Aiaz bi – fairy tale (translated by Ukrainian poet Olga Timokhina)	6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру;	1	1		Дәріс Ертегіні оқу арқылы аударманы меңгереді.

4.2	Power of speech	6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.	1		1	Жарыс сабағы Қара сөзді қолдану арқылы құдіреттілігін біледі.
-----	-----------------	--	---	--	---	---

№ 5 MODULE V. Selected poems Барлығы 7 сағат: теория 5, тәжірибе 2

5.1	Kazakh anthem	7.2.2.1. Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	1	1		Дәріс Еліміздің тәуелсіз мемлекет екені жырланады.
5.2	To poet, writer Ergazi Rakhimov	Т7.1.1.1. Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. 7.2.1.1. Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру түсіну.	1	1		Іздену сабағы Жазушы, ақынның еңбегімен танысады
5.3	To my country, to my village	7.2.2.1. Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау	1		1	Дәріс, ой толғау Туған жерге деген ыстық сезім туралы ой толғайды.
5.4	My Kazakh people	7.2.1.1. Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру	1	1		Практикалық дәріс Халқым деп соққан жүрегім сөзінің мағынасын ашып, түсінеді.
5.5	The Kazakh's dastarkhan (meals)	7.2.4.1. Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу	1	1		Практикалық дәріс Қазақтың қонақжайлылығы туралы айтылады.

5.6	Nauriz wishes	7.3.3.1. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	1		1	АКТ Қазақтың жаңа жылы, айтылатын тілектер туралы әңгімеленеді.
5.7	Teacher – master	7.1.3.1. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	1	1		Дәріс Ұстаздың шеберлігі туралы біледі.

№ 6 MODULE VI. Descendant inheritance Барлығы 4 сағат: теория 3, тәжірибе 1

6.1	Positive future	7.1.4.1. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	1	1		Интеллектуалдық сайыс «Жарқын болашақ» туралы айтылады.
-----	-----------------	--	---	---	--	--

6.2	Perfect young generation	7.3.3.1. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдау	1		1	Дөңгелек үстел Болашақ жастардікі туралы айтылады.
6.3	My motherland – Kazakhstan	7.3.2.1. Әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашыл-дығына заманауи тұрғыдан баға беру	1	1		Топтық жұмыс «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» мағынасын ашады.
6.4	National literature – prides	7.3.4.1. Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	1	1		Құзіреттілік оқыту «Ұлттық әдебиет-мақтаныш» тақырыбында пікір – талас.
№ 7 MODULE VII. Creative work Барлығы 1 сағат: теория ,тәжірибе 1						
7.1	Essay “ The son of nation”	7.3.3.1. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	1		1	Зерттеу сабақ Эссе жазу арқылы оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Бағдарламаның мақсатына сәйкес оқушылардың ағылшын пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар ұлттық әдеби құндылықтары туралы газет шығару, саяхаттар мен сайыстар ұйымдастыру, викториналар, ребустар құрастырып, олардың шешімін табуға мүмкіндіктер туғызу арқылы ағылшын тілінде ауызекі сөйлеуді дамыту жүзеге асады. Осы бағытта жасалған оқушылардың іс- әрекеті қалыптастырушы бағалау арқылы қолдау тауып отырады.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады.

Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылар:өз ойын еркін жеткізіп, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істей жүріп ынтымақтастыққа ұмтылады, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, өз пікірін дәлелдей алуға үйренеді.

Мұндағы қалыптастырушы бағалау:

- тиімді кері байланыс беру,
- түртіп алу арқылы бағалау,
- ауызша және жазбаша бағалау,
- сұрақ қою арқылы бағалау,
- өзін-өзі бағалау,
- өзара бағалау және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалім тарапынан:

- сабақ мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін анықтап, оқушыларға ұсыну;
- оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен оқу ортасын құру;
- оқушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру қамтамасыз етілуі қажет.

Ата-аналар үшін:

- Білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға ;
- Оқудағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1) Abai Kunanbaev Selected poems Progress Publishing Moscow 1970
- 2) Виноградов В.В. Теория поэтических речи . Поэтика -М.2006
- 3) Пулепянский А.Л. Перевод английский научный литературы. -Москва 20081.
- 4) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы.– Астана, 2017 ж. 12 сәуір.
- 5) Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры».Мақала
- 6) Еркін Жұмағұлов Ақтайлақ би. -Алматы 1991
- 7) Еркін Жұмағұлов Өлеңдер жинағы. - Астана 2010
- 8) Еркін Жұмағұлов Әріп Тәңірбергенұлы Шығармалар.- Алматы 2020
- 9) Талғат Айтбайұлы Қалдырған ізің мәңгілік. -Алматы 2020

Қосымша

6 - сынып оқушылармен мұражайларға бару, саяхаттарға шығу.

Саяхаттан кейін шығармашылық жұмыстар жасау.

Оқушылармен ертегілерді сахналау, ақын, жазушылардың өмірінен көріністер ағылшын тілінде қою, өлеңдерді мәнерлеп оқудан жарыс өткізу. Құндылықтар бөлімінде «Бір ел – бір кітап» іс-шара ұйымдастырылып отыр. Ұлттық әдебиеттерге деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру және қолдау көрсету; Е.Жұмағұловтың патриоттық жастарға үлгі - өнеге болатын өлеңдері, ата-аналарға «Шежіре» таңдап алынды.

«Speaking Club»жобасы жасалынады.

"ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯНДЫ ӘСЕРІ"

Бекмуратова Айгуль Козбаевна, Серік Санжар

Сыдық Абланов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы

"Электронды темекінің бала денсаулығына зиянды әсері "
тақырыбындағы ғылыми жоба жұмысына

Пікір:

Серік Санжардың алып отырған тақырыбы қазіргі кезде өзекті әрі қызықты, құпияға толы құбылыс болып табылады. Адамға темекі шегудің зияны туралы бұрыннан белгілі, бірақ темекіні тастауға шешім қабылдаған адамдар енді өз еркімен болмайды. Қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу туралы шешімдер мемлекеттік деңгейде, темекінің кінәсінен туындайтын мәселелер туралы қабылданады – әлеуметтік жарнама құбыр жасайды, бірақ бұл темекі шегушілерді темекі шегуден бас тартуға ынталандырмайды. ұсақталған темекі жапырақтарының жиналуы. Никотинмен өзін-өзі өлтіруге дайын адамдар үшін дәстүрлі темекіге еліктейтін электронды темекі ойлап табылды. Дәрігерлер электронды темекі өндірушілер сендіргендей зиянсыз емес дейді. Қазіргі

уақытта темекі шегетін жасөспірім құбылыс өте жиі кездеседі. Бірақ электронды темекі өндірушілердің айтуынша, темекі шегудің іс жүзінде зиянсыз баламасы немесе тіпті темекіні тастау тәсілі пайда болады. Солай ма? Бұл қайшылық таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды: "электронды темекіге айтайық - жоқ". Электрондық темекі неге соншалықты қауіпті? Қазіргі жастар жаңа сезімдерді іздеуде көбінесе алаяқтардың әртүрлі арандатуларына жүгінеді. Сондықтан біз электронды темекінің адам денсаулығына әсері туралы ойладық.

Санжар зерттеу жұмысын жазу барысында көптеген көркем әдебиеттерді, газет-журналдарды, ғаламтордан ізденген. Жұмыс жоспар бойынша жазылып, толық орындалған. Сонымен қатар Санжар көп ізденіп, жұмысын өз жас ерекшелігіне сай орындай білген және де нақты деректер негізінде зерттей білген. Жалпы алғанда ғылыми жоба өз дәрежесінде жасалынған деуге болады. Зерттеу жұмысының мазмұндылығы мен мәнділігін ескере отырып, жоғары дәрежеде бағалауға ұсынамын.

Пікір білдіруші: Бекмуратова А.

Аннотация

Қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу туралы заң күшіне енгеннен кейін электронды темекінің танымалдығы күрт өсті. Әдетте, құрылғыдан пайда болатын будың жеңіл және жағымды хош иісі бар, сондықтан кейбіреулер электронды темекі басқаларға зиянды ма деп ойламайды. БАҚ бізге хабарлағандай: Никотин кез-келген жағдайда денсаулыққа қауіпті, егер ол қарапайым темекіде болса да, электронды әріптесінде болса да. Біз Электронды темекінің зияны туралы жиі естиміз, дегенмен жаңа зерттеулер жүргізілмейді. БАҚ фактілермен расталмаған ақпаратпен жұмыс істейді. Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарының шабуылына төтеп беру оңай емес.

Тақырыптың өзектілігі: жасөспірімдер арасында электронды темекі шегу сәні орнықты, олар оларды әдеттегідей қауіпсіз балама деп санайды, бірақ бұл пікір қаншалықты негізделген? Көптеген темекі шегушілер никотинсіз электронды темекі мүлдем зиянсыз деп санайды.

Мәселе: Электронды темекі зиянсыз ба?

Аннотация

Популярность электронных сигарет резко возросла после вступления в силу закона о запрете курения в общественных местах. Как правило, пар, образующийся из устройства, имеет легкий и приятный аромат, поэтому некоторые не задумываются о том, вредна ли электронная сигарета другим. Как сообщают нам СМИ: Никотин опасен для здоровья в любом случае, даже если он содержится в обычных сигаретах или в электронном аналоге. Мы часто слышим о вреде электронных сигарет, хотя новые исследования не проводятся. СМИ работают с информацией, не подтвержденной фактами. Однако выдержать натиск СМИ не так-то просто.

Актуальность темы: среди сверстников утвердилось мода на электронные сигареты, которые, как правило, считают их безопасной альтернативой, но насколько обосновано это мнение? Многие курильщики считают, что электронные сигареты без никотина абсолютно безвредны.

Вопрос: безвредны ли электронные сигареты?

Заман ағымына қарай жаңа технология, жылдам ақпараттық жүйе, жаңаша көзқарас пайда болды. Адам ақпараттың үлкен ағынымен жұмыс істеуге, есте сақтау мен зейінді дамытуға үйренуі керек. Бізге ақпараттың бар-жоғы маңызды емес – жай ғана оның тым көп болғандықтан, біз осы білім көлемін сіңіріп, оның барлығын пайдалана алмаймыз. Сондықтан бұл бізге оқу үдерісін басқаша ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қозғалыс қажет дегенді білдіреді". Сыныптағы телефондар оқушының оқу іс-әрекетіне кедергі жасап, оның назарын аударады деген пікір бар. Дегенмен, қазіргі әлемде мобильді және компьютерлік құрылғыларсыз істеу қиын болады. Ендеше, неге «Жағымды» мен «Пайдалыны» біріктіріп, смартфон арқылы мектеп оқушыларын оқу-танымдық іс-әрекетке тартуға тырыспасақ? Ең бастысы, смартфон мен QR кодты әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдалану. QR код – сабақтағы мұғалімнің көмекшісі. Шынында да, егер сіздің сыныбыңызда әр оқушыда гаджет және жоғары жылдамдықты интернетке қосылу мүмкіндігі болса, онда сіздің жұмысыңыз қызықты болып әрі жеңілдей түседі.

QR коды дегеніміз не?


QR (quick response) аббревиатурасы ағылшын тілінен аударғанда «жылдам жауап» деген мағынаны береді. Бұл екі өлшемді штрих-код (матрицалық код), штрих кодты «Denso Wave» жапон компаниясы 1994 жылы ойлап тапқан. QR код кішкентай шаршы тәрізді, оның ішіне 2953 байт ақпаратты кірістіруге болады, яғни 7089 сан немесе 4296 әріп, құжатпен айтқанда А4 форматындағы 1-2 бетке жуық мәтін. Қазіргі уақытта QR кодтары бүкіл әлемге тарады. Осы жұмбақ шаршыларды билбордтарда, витриналарда, кітаптар мен журналдардың мұқабаларында, жарнамаларда, өнімнің қаптамасында, ойындарда, анықтамаларда, квитацияларда кездестіре аламыз.

QR кодын қалай жасауға болады?

QR кодын жасау қиын емес, оны жасау үшін тек генератор қажет, қолжетімді Интернеттегі қызмет немесе компьютер орнатылған арнайы бағдарлама. Веб-қызметтерді және арнайы бағдарламаларды пайдалану оңай, арнайы білімді қажет етпейді.


Мысалы сіз canva.com сайтындағы жұмысыңызбен QR кодын арқылы бөліскіңіз келді. Ол үшін «Поделиться» батырмасын басып, содан кейін шыққан қалқымалы мәзірінде «Ссылка только для...» батырмасын таңдаған абзал, өткені бұл батырма пайдаланушыдан canva.com сайтына кіруін талап етпейді. (сурет 1)

Іздеу жүйесі ұсынған бірінші генераторды ашайық. (сурет 3) Canva.com сайтынан көшірілген сілтемені «Введите текст для копирования» терезесіне кірістіргеннен кейін «Создать код» батырмасын басыңыз. Нәтижесі «Ваш QR-код» терезесіне шығады. QR-код суретінің үстіне тінтуірдің оң жақ батырмасын басып «Копировать картинку» немесе «Скачать» командасын таңдап, word бағдарламасына QR-кодты кірістіріп, принтер арқылы қағазға шығарып, білім алушыға ұсынуға болады. (сурет 4)




Сурет 1


«Ссылка только для...» батырмасын басқаннан кейін келесі қалқымалы мәзір пайда болады, сол жерде «Копировать» батырмасын басып, кез келген іздеу жүйесіне «Генератор QR кода» деп іздеу жолағына жазу керек (сурет 2)



сурет 2



сурет 3



(Сурет 4)

QR-код жасау үшін көптеген веб-ресурстар мен веб-қызметтер бар:

qrcoder.ru - қарапайым мәтін, телефон нөмірі, веб-сайт сілтемесі кодтайды. QR-код өлшемін өзгертуге мүмкіндік береді. Тек ақ-қара нұсқасы беріледі.


QRCode-Monkey - мәтін, веб-сайт сілтемесі, телефон, SMS хабарлама,

Электрондық пошта мекенжайы, электрондық пошта хабары, визитка, Twitter, Google карталары, YouTube сілтеме, Wi-Fi желісіне кіру, хабарландыру (мысалы, уақыт пен орын іс-шара өткізу) кодтайды. Логотипі немесе үлгісі бар QR кодын жасауға мүмкіндік береді, өлшемін өзгерту, түсін реттеу, логотипті және фон қосу мүмкіндігі бар.

ru.qr-code-generator.com – түсін өзгертуге және логотипті кірістіруге мүмкіндік береді. Мәтінді, веб-сайт сілтемесін, телефонды, SMS хабарламаны, электрондық пошта мекенжайын, электрондық пошта хабарын, визит картасын, Facebook, фотосуреттерді, pdf құжаттарын, Wi-Fi қатынасын кодтайды. Бірақ сайтқа тіркелу қажет.

QR кодты оқу

QR кодты оқу үшін ұялы телефонға арнайы бағдарлама орнату қажет. Егер смартфонңызда алдын ала орнатылған болса, басқасын орнатудың қажеті жоқ. Оқу (декодтау) ақпарат алу үшін орнатылған бағдарламаны іске қоссаңыз және смартфон камерасын қолдану қажет. Бағдарлама QR кодты оқып болғаннан кейін төменде сілтеме пайда болады сол сілтеме арқылы өтсе, кодталған ақпарат шығады. (сурет 5)



(сурет 5)

Тегін QR кодын оқу бағдарламалары: (сурет 6)



(сурет 6)

QR кодты оқу процесінде қолдану мысалдары

Егер сіздің сыныбыңызда әр оқушыда гаджет және жоғары жылдамдықты интернетке қосылу мүмкіндігі болса, онда сіздің жұмысыңыз қызықты болып әрі жеңілдей түседі.

1. QR код арқылы топтастыру (кесте 1)

QR кодты білім алушыларды объективті топтастыру үшін пайдалануға болады. Бұл стратегия білім алушыларға қызығушылықтары мен қабілеттері бойынша топтасуға мүмкіндік бермейді.

Объективті топқа бөлу	
 1 топ	 2 топ

(кесте 1)

2. QR код арқылы өзін-өзі тексеру (кесте 2)

№	Тапсырма	Сіздің жауабыңыз	Өзінді тексер!
1	Қызығушылықтары бірдей адамдардың Интернеттегі бірлестігі а) Электронды пошта б) Кибербулинг с) Әлеуметтік желі		
2	Ненің әсерінен ми блоктары бұзылады? 		
3	Желі пайдаланушысына зәбір көрсету, агрессия, қорқыту, мазмұндағы хабарламалар жіберу әрекеті қалай аталады?		

(кесте 2)

3. QR код арқылы тапсырма орындау (кесте 3)

Тақырыбы	Ақпаратты шифрлау
Оқу мақсаты	5.2.1.3 – мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау.
Дескриптор	-Берілген ақпаратты сандық кодтау әдісіне топтастырады; -Берілген ақпаратты символдық кодтау әдісіне топтастырады; -Берілген ақпаратты графикалық кодтау әдісіне топтастырады.
Сілтеме	https://learningapps.org/display?v=p7eiwhs1n22
QR-код	

Тақырыбы	Екілік ақпаратты ұсыну
Оқу мақсаты	5.2.1.4 – компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру.
Дескриптор	-Қорапшадағы сұрақтарға жауап береді.
Сілтеме	https://wordwall.net/resource/36537678
QR-код	

(кесте 3)

4. QR-код арқылы кері байланыс жасау (кесте 4)


Білім алушылар QR-кодты смартфон арқылы сканерлеп, Padlet.com платформасына кіріп, кері байланыс тақтасын толтырады.

Кері байланыс	
Сілтеме	QR-код
https://padlet.com/kunbasova93/l91h0kepc4ncdwdj	

(кесте 4)

Мұндай нәрселер білім алушылардың қиялын ұшқындайды! Біреу бірден QR кодын оқып, тапсырманы оқуға тырысса, біреу ұқыптылық танытып, мұғалімнің нұсқауы бойынша тапсырманы орындайды! Әрине, мұндай тапсырмалар өзін-өзі ұстауды қалыптастыруға көмектеседі, ұстамдылыққа, қиындықтарды жеңуде табандылыққа үйретеді. Осылайша, QR кодының басты артықшылығы - сканерлеу құрылғысы арқылы кодталған ақпаратты жылдам тану. Техногендік ортадағы заманауи бала үшін күнделікті өмірде де, мектеп қабырғасында да цифрлық технологияларды қолдана білу негізгі дағды болып табылады.

QR код арқылы бағалау



QR код арқылы тапсырма орындау

Тақырыбы	Ақпаратты шифрлау	QR-код
Оқу мақсаты	5.2.1.3 – мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау.	
Дескриптор	-Берілген ақпаратты сандық кодтау әдісіне топтастырады; -Берілген ақпаратты символдық кодтау әдісіне топтастырады; -Берілген ақпаратты графикалық кодтау әдісіне топтастырады.	
Сілтеме	https://learningapps.org/display?v=p7eiwhs1n22	

Тема	Внедрение мультимедиа	QR-код
Цель обучения	10.4.2.4 применять HTML(аш ти эм эл)-теги для вставки мультимедиа объектов на web-страницу	
Дескриптор	Располагает теги и атрибуты по синтаксическому порядку	
Ссылка	https://wordwall.net/resource/11133010	

Тема	Форматирование текста (шрифт, абзац, списки)	QR-код
Цель обучения	10.4.2.1 использовать HTML (аш ти эм эл)-теги при разработке web-страниц	
Дескриптор	Устанавливает соответствие между тегами и их назначениями	
Ссылка	https://wordwall.net/resource/11131951	

1-mon

```
a = 1
while:
    prit(a, '-інші рет цикл
орындалды')
    a = a+1
print(Цикл аяқталды)
Дұрыс коды
1. while a < 10:
2. print
3. print('Цикл аяқталды')
```

2-mon

```
for i range(10):
    if i % 3 == 0:
        print()
Дұрыс коды
1. for i in range(10):
2. if i % 3 == 0:
3. print(i)
```

1-есеп. 1 мен 100 аралығындағы сандардың қосындысын жаз. Есептің программа коды орындалғанда экранға 5050 шығады.

Программа коды:

```
i=s=0
for i in range (1,101):
    s+=i
print (s)
```

2-ші есеп. 1 мен 10 аралығындағы сандарды кері ретпен шығар. Программа коды орындалғанда, экранға 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 сандары пайда болады.

Программа коды:

```
i=0
for i in range (10,0,-1):
    print (i)
```

3-ші есеп.

8 «А» сыныбында N ($0 < N < 30$) оқушы бар. Оқушылардың бойлары көрсетілген. Егер сыныптағы оқушының бойы 140 см-ден қысқа болса, ол аласа бойлы оқушыға жатады. Сыныпта неше оқушының бойы аласа екенін анықтайтын программа кодын жаз

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:




1. Qr-code генераторы
2. Источник: <https://app.qr-codegenerator.com/manage/?aftercreate=1&count=2>
Использование QR-кодов в образовательном процессе
3. Источник: https://rosuchebnik.ru/material/ispolzovanie-qr-kodov-v-obrazovatelnom-protseste/?utm_source=yandex.kz&utm_medium=organic&utm_campaign=yandex.kz&utm_referrer=yandex.kz

FOR ЦИКЛІ

Пермебаева Жұлдызай Мақсатқызы

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейі, Б.Момышұлы ауылы,
Жуалы ауданы, Жамбыл облысы

Бөлім:		Python программалау тілінде алгоритмдерді программалау.		
		Python (пайтон) программалау тілінде 2D ойынын құру		
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		Пермебаева Жұлдызай Мақсатқызы		
Күні:				
Сынып: 8 А		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		§4.1. For циклі		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		8.3.3.2 for цикл операторын пайдалану;		
Сабақтың мақсаты		For циклін Python программалау тілінде қолдану тәсілін анықтау; Python программалау тілінде For циклінің орындалуын талдау, қолдану; For циклін қолданудың маңыздылығын бағалау		
Ойлау дағдысының деңгейі		Білу және түсіну, қолдану		
Бағалау критерийі:		- For циклін Python программалау тілінде қолдану тәсілін анықтайды; - Python программалау тілінде For циклінің орындалуынталдайды, қолданады; - For циклін қолданудың маңыздылығын бағалайды.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: 2 мин Топқа біріктіру: 2мин Қызығушылықты ояту. Өткен сабақты пысықтау: 6 мин 	Ұйымдастыру кезеңі 1.Оқушылармен амандасу. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау. 2. Топ мүшелерін алдын ала анықтаған құраммен топтастыру QR код арқылы екі топқа бірігуді ұсыну. Топтың құрамында А,В,С, деңгейлі оқушылардың болуы Бағалау парақтары таратылады. Оқушыға таныстырады және дескрипторларды түсіндіріп кетеді. 3. «Пойызға отырыңыз» әдісі. Алдыңғы білім мен	1.Мұғаліммен амандасады. 2. Экранда QR код шығады 1-топ және 2-топ болып бөлінген орындарға отырады. Оқушылар өзін-өзі бағалау парақтарына атын жазып толтырады. 3.Umaigra онлайн ойын платформасында үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап береді.	Ауызша бағалау Смайлик арқылы КБ «Ұлттық құндылық» бойынша бағалау  «Принтер» арқылы бағалау	  2.топқа біріктіру 3. https://www.umapalata.com/zexp/o/game.html?LANG=R&U&idGames=90833

Сабақтың ортасы-7 минут Мағынаны тану. Оқулықпен жұмыс 4-мин Топтық жұмыс-5 минут Жеке жұмыс-7 минут	өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында төменде берілген сұрақтарға, сілтеме бойынша Umaigra онлайн ойын платформасына қарап жауап беру: 4.«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында проблеманы бірге шешу. ✓ Циклдер жайлы не білесің? ✓ Бұл ұғымның біздің өмірімізге қандай байланысы бар? ✓ Табиғат пен адам өмірінде циклдердің маңызы қандай? Сабақтың тақырыбын, күн ретін дәптерге жазамыз. Сабақтың тақырыбы және мақсатын таныстыру 5. Жаңа сабаққа зейін аудару. Оқушыларға жаңа тақырып бойынша экраннан видео көрсетіледі. Циклдерді қолдануда практикалық маңызын анықтау және мазмұнын талқылауды ұйымдастыру Оқулықта берілген ақпаратты оқушылармен бірге талдайды. Слайд материалы арқылы таныстырылым жасайды. 6. Топтық жұмыс. Циклдің дұрыс орындалу үшін «Қатесін тап» әдісі.	Алдыңғы сабақты еске түсіреді. Оқушылар алгоритмнің түрлері мен енгізу шығару функциясын айтады. 4.Берілген сурет туралы не ойлайсындар? Оқушылар сын тұрғысынан ойланып өз пікірлерін айтады. Тақырыпты өздері ашады.  Мұғалімді тыңдайды, сабақтың тақырыбы мен күн ретін дәптерге түсіреді. Сабақтың мақсаттарымен танысады. 5. Оқушылар видеоға мұқият қарап, сұрақтар бойынша талқылау жасайды. Циклдік алгоритмге анықтама береді және қолдану аясына мысалдар келтіреді. Оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысады, визуалды ақпарат алады. Мұғаліммен бірге талдайды 6. Топтық жұмыста берілген тапсырманы талқылайды. Оқушылар Python программалау тіліндегі For циклінің синтаксисі бойынша және функцияларындағы	Дискриптор: 1.Дұрыс жауап берген сұрақтарға-1 балл. Жақсы! Жарайсың! Өте тамаша!   Бірін-бірі бағалайды Дескриптор: Циклдік алгоритмге анықтама береді және қолдану аясына мысалдар келтіреді-1б. 5.Мұғалімнің ауызша кері байланысы: оқушылардың ерекше жауаптарын, жақсы мысалдарын, ортаға шығару. Топтар бірін-бірі бағалайды. Дескриптор көмегіне сүйеніп, топтар бір-біріне кері байланыс береді Дескриптор: Білім алушы программа кодының	  EV3 роботы  Платформа , АКТ, интерактивті тақта презентация, таратпа материалдар Таратпа қағаздар. Python программасы Карточкалар компьютер
---	--	--	---	--

Сабақтың соңы 5 мин Үй тапсырмасы 1 мин	Төменде келтірілген программа кодының синтаксисіндегі қателерді анықтаңыз. Бұл программада не есептеледі? 1-mon a = 1 while: prit(a, '-інші рет цикл орындалды') a = a+1 print(Цикл аяқталды) Дұрыс коды 1. while a < 10: 2. print 3. print('Цикл аяқталды') 2-mon for i range(10): if i % 3 == 0- print() Дұрыс коды 1.for i in range(10): 2.if i % 3 == 0: 3.print(i) 7. Жеке жұмыс. А,В және С деңгейлері бойынша 3-есеп беріледі Математикалық сауаттылық тапсырмасы. А деңгейі: 1-есеп. 1 мен 100 аралығындағы сандардың қосындысын жаз.Есептің программа коды орындалғанда экранға 5050 шығады. Программа коды: i=s=0 for i in range (1,101): s+=i print (s) В деңгейі: 2-ші есеп. 1 мен 10 аралығындағы сандарды кері ретпен шығар. Программа коды орындалғанда, экранға 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 сандары пайда болады. Программа коды: i=0 for i in range (10,0,-1):	қателерді табады және нәтижесін шығарады Топтар өз жұмыстарымен таныстырады. 7. Оқушы компьютерге Python программасын ашып, кодты жазады, нәтижесін шығарады. Python программалау тілін іске қосады. Берілген тапсырма арқылы, Python тілінің синтаксисін пайдаланып, программа жазады. Сыныптағы бойы аласа оқушы санын есептейді. 8.Оқушылар сұрақтарға жауап беріп динамикалық түрде жауаптары экранға шығады 9.Оқушы қай баспалдақта	синтаксисіндегі қателерді анықтайды-1б. Және оның дұрыс нұсқасын талдайды-1б Дескриптор: - Python тілінің синтаксисін пайдаланып, программа жазады-1; - for циклі нұсқаулықтары н қолданады-1; - нәтижені экранға шығарады-1 Дескриптор: Қатысқан оқушылар санын енгізеді; Бойларының ұзындығын енгізеді; Сыныпта аласа бойлы оқушылардың санын анықтайды; Жалпы балл:-3 бал. Дескриптор көмегімен дұрыс жауаппен салыстыра отырып, өзін-өзі бағалау жүргізеді	Python бағдарламасы  https://quizizz.com/join/quiz/63e9cbda08fc13001d02d505/start?studentShare=true 
---	---	---	--	---

	print (i) С деңгейі: 3-ші есеп. 8 «А» сыныбында N ($0 < N < 30$) оқушы бар. Оқушылардың бойлары көрсетілген. Егер сыныптағы оқушының бойы 140 см-ден қысқа болса, ол аласа бойлы оқушыға жатады. Сыныпта неше оқушының бойы аласа екенін анықтайтын программа кодын жаз. 8. Сабақты бекіту. «Квиз» әдісі. сілтеме бойынша Quizizz платформасына кіріп төменде берілген қорытындылау сұрақтарына жауап береді. 10. Кері байланыс. «ПОПС» әдісі. Оқушылар тапсырма орындаудағы деңгейін анықтау. 1. Менің ойымша... 2. Себебі, мен оны былай түсіндіремін... 3. Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын.... 4. Қорытындылай келе... Бекзат Сейілханұлы Саттарханов қазақстандық боксшы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2000 жылы өткен Сидней Олимпиадасының жартылай жеңіл салмақ бойынша чемпионы (57 кг дейін). I дәрежелі «Барыс» орденінің бірінші иегері. Бекзаттың Сидней олимпиадасында төрешілерден алған ұпайлары көрсетілген. Төрешілердің қойған	тұрғанын анықтап, өз есімін жазады. Оқушылар креативті түрде ойланып күнделікті өмірлерінде кездесетін сызықтық алгоритмді келтіреді.	Мұғалімнің қорытынды бағасы. Мұғалім кері байланыс береді.	
--	--	---	--	--

	ұпайларын қосатын программа құрыңыз. Енгізілетін деректер: Бекзаттың төрешілердің алған ұпайлары: 8,7,5,8,-3,10			
--	---	--	--	--

Платформа сілтемесі:

Genially платформасы.

<https://view.genial.ly/65af09ef189e990014047ce6/presentation-for-cikli>

НОТАЛЫҚ БІЛІМСІЗ ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ревшенов Шынгыс Айтбаевич

№6 орта мектебі Тараз қаласы.

Аннотация

Ұсынылып отырған әдістеме – музыкадан мүлдем хабары жоқ домбыра үйренушіге арналған. Үйренуші осы әдіс арқылы домбыраны үйренудің алғашқы қадамдарын игереді. Аспап құрылысы мен қарапайым ережені үйрену арқылы домбыраны 30-40 пайызға үйреніп шығады. Домбыраны меңгерудің алғашқы әліппесін үйреніп, университет қабырғасына жартылай дайын музыкант болып келеді.

Аннотация

Предлагаемая методика предназначена для изучающего домбру, который не имеет абсолютно никакого отношения к музыке. С помощью этого метода обучающийся овладевает первыми шагами в изучении домбры. Изучив устройство инструмента и простые правила, домбра будет выучена на 30-40 процентов.

Annotation

The proposed technique is intended for the student of dombra, who has absolutely nothing to do with music. With this method, the student masters the first steps in learning dombra. After studying the device of the instrument and the simple rules, the dombra will be learned by 30-40 percent.

Кілтті сөздер: домбыра, қарапайым ереже, әдіс, әдістеме, сандық нота

Домбыра – қазақтың қаны мен жанына біткен ұлттық аспабы. Ұлттық аспабымызды мұра қылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу әрбір қазақтың міндеті. Албірақ қалай жеткіземіз? Ол үшін өзіміз домбыра тартуды үйреніп, оны болашақ ұрпағымызға үйретіп отырудың өзі жеткілікті. Домбыраны қалай оңай үйренуге болады? Мысалы сіз «Адай» күйін үйренгіңіз келді? Сіздің алдыңызға «Адай» күйінің нотасын берді, әрине, сіз түк түсінбейсіз? Себебі музыка пәні 1-6 сынып аралығында ғана болды және сіз ол уақытта ноталық сауатты толық меңгере алмадыңыз немесе ұмытып қалдыңыз?

Бұл күйді үйрену үшін сізге бірінші нота үйрену қажет. Ал нота үйрену екінің бірінің қолынан келе бермейді, шыдамы жетпейді немесе көп уақытты талап етеді.

АДАЙ

Орындаушы Қали Жантілеуов




1-сурет. «Құрманғазы күйлер» кітабы, 13 бет.

Суретке қарап, сіз ештеңе түсінбедіңіз?! Осы мақсатта мен «НОТАЛЫҚБІЛІМСІЗ ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ» тақырыбында қарапайым әдісті ұсынуды жөн көрдім. Бұл әдіс – қазіргі қоғамда қолданып жүрген «сандық әдістерден» басқаша. Бұл әдісті меңгеру үшін мынақадамдарды орындау қажет:

- 1) Домбыра аспабының құрылысымен танысып, жаттау
- 2) Қарапайым ережені жаттау

Тек қана ЕКІ ҚАДАМ.



2-сурет. Домбыра аспабының құрылысы.

Бұл суреттен бізге маңыздысы: ішектері (үстіңгі және астыңғы); пернелері (19).


ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕ

Оң қолға қатысты:

П – төменгі қағыс (№1 саусақ орындайды) V – жоғары қағыс (бас бармақ орындайды) Сол қолға қатысты:

п –
перне
н –
нүкте

о – ашық ойнау (күйдің күрделене түсуіне байланысты жаңа белгілер қосылабереді)



2-сурет

Бұл ереже бойынша домбыра үйренушіге **бөлшек түрінде** жазуұсынылады.

1- мысал:

0
П
1н¹

үстіне жазылғанды үстіңгі ішекте басамыз
ортасындағы қағысы (оң қолға қатысты) астына
жазылғанды астыңғы ішекте басамыз.

0
П
1н¹

0 – ашық ойнау (яғни бұл жерде үстіңгі ішекте перне басылмайды) П- төменгі
қағыс

1н¹ – бірінші нүктені бірінші саусақпен басу.

(қарапайым ережені еске түсіреміз: н-нүкте, п-перне, 0-ашық ойнау, П-төменгі қағыс)

2- мысал:

0
П
1п¹

0 – ашық ойнау (яғни бұл жерде үстіңгі ішекте перне басылмайды) П- төменгі
қағыс

1п¹ – бірінші пернені бірінші саусақпен басу.

1 мен 2 мысалдың айырмашылығы: п мен н әрпінде: н – нүкте, п – перне.

Домбырада нүкте әр жерге қойылған. Ал перне басынан бастап саналады. Сондықтан нүкте мен пернені шатастырмау қажет. Нүкте кейбір пернелерге орналасқан.

1- мысал:

$2\mathbf{n}^6\mathbf{V}$
$3\mathbf{n}^4$

$2\mathbf{n}^6$ – 2 нүктені бас бармақпен басу

$\mathbf{V}$ – жоғары қағыс

$3\mathbf{n}^4$ – 3 нүктені 4-ші саусақпен басу.

2- мысал:

$2\mathbf{n}^6$
$\mathbf{\Pi}$
$\mathbf{p}^1$
4

$2\mathbf{n}^6$ – 2 нүктені бас бармақпен басу $\mathbf{\Pi}$ – төменгі қағыс

$4\mathbf{p}^1$ – 4 пернені 1-ші саусақпен басу

Осы ережелерді мұқият үйреніп, түсініп, жаттау қажет.

Енді негізгі мақсатымызға оралайық. Біз «Адай» күйін үйренуді жоспарлап едік. Ендеше, «Адай» күйін осы ережемен үйреніп көрейік.

1)

0	0	0	0	0	0	0	0
$\mathbf{\Pi}$	$\mathbf{V}$	$\mathbf{\Pi}$	$\mathbf{V}$	$\mathbf{\Pi}$	$\mathbf{V}$	$\mathbf{V}$	$\mathbf{V}$
$1\mathbf{n}^1$	0	$1\mathbf{n}^1$	0	$1\mathbf{n}^1$	$1\mathbf{n}^1$	$1\mathbf{n}^1$	$1\mathbf{n}^1$

Бұл үзіндіде үстіңгі ішек бірыңғай ашық ойналады. Ал астыңғы ішекте бірінші нүктені бірінші саусақпен басу және ашық ойнау кездеседі.

Домбыраны әркім әртүрлі үйренеді. Біреу нотамен, біреу сандық әдіспен, біреу көріп, қайталау арқылы. Менің сіздерге ұсынып отырған бұл әдісім сандық әдіске жақын, бірақ біршама ыңғайланып, ерекшеленіп және түсінікті түрде құрастырылған.

Бұл әдіспен домбыра үйрену үшін сіз маған 1 САҒАТҚА ғана КЕЛСЕҢІЗ ЖЕТКІЛІКТІ. 1 сағатта осы ережені түсініп, жаттап аламыз. СЕБЕБІ БҰЛ ӘДІСТІ БАСТАПҚЫДА АСПАППЕН КӨРСЕТІП, ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТ! Ал қалған сабақтарда тапсырмаларды осы бөлшек түрінде жазып алып, үйде орындап отырсаңыз жеткілікті.

Әрбір ұстаз өз ісінің жан-жақты шебері болу қажет. Домбыра үйренушіге ұсынылған бұл әдіс домбыра аспабында бір шығарманы аз уақытта үйренуге үлкен мүмкіндік деп ойлаймын.

Халық әні «Еркем-ай» .

2н ⁶ 1) п 4п ¹	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 4п ¹	2н ⁶ п 2н ²
2н ⁶ 2) п 2н ²	3н ⁶ п 9п ⁴	3н ⁶ п 9п ⁴	3н ⁶ п 9п ⁴	3н ⁶ п 9п ⁴	3н ⁶ п 2н ¹	3н ⁶ п 3н ⁴
2н ⁶ 3) п 4п ¹	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 4п ¹	2н ⁶ п 2н ²
2н ⁶ 4) п 2н ²	2н ⁶ п 3н ⁴	2н ⁶ п 4п ¹	2н ⁶ п 4п ¹	0 п 1н ¹	0 п 1н ¹	2н ⁶ п 0

Қорыта айтқанда, бұл сандық әдіс – қоғамда көптен бері қолданып келе жатқан әдіс. Ал менің ұсынып отырған әдісімнің ерекшелігі – қарапайымдылығы, п, н әріптерінің қолданылуы. Себебі тек қана сандарды қолдану, көздің тез шаршауына әкеледі деп ойлаймын. Параққа қараған сәтіңіздетек қана бірыңғай сандарды көрсеңіз, бұл көздің қабылдауына икемсіздеу болары анық.

Қазіргі әлеуметтік желінің дамыған заманында жастардың ұлттық дәстүрге, ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту үшін оларға оңай, тиімді әдістерді қолдану қажет. Өйткені әлеуметтік желілер адамдарды шыдамсыздыққа үйретіп тастаған секілді. Әрине, ноталық сауаттылық керек. Бірақ домбыраны енді үйренушіге бірден нотаны үйретіп бастасақ, көп оқушылар шыдамайды. Сол үшін оларға домбыраны меңгеріп алғанша, оңтайлы, қарапайым әдісті қолданған жөн. Содан кейін, музыкалық бағытты таңдаған оқушыға ноталық сауатты үйренуді бастаса болады.

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Ұлттық мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу әр қазаққа парыз іспетті. Осынау жолда еңбек етіп жүрген, ұстаздар қауымына сәттілік тілеймін!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Домбыра үйрену» кітабы. Айтқали Жайымов, Сәрсенбай Бүркітов, Біләл Ысқақов. -Алматы «Өнер» баспасы 1992 жыл.
2. «Домбыра сазы» кітабы. Айтқали Жайымов, Біләл Ысқақов, Кәріма Сахарбаева, Арман Жайым.
3. «Құрманғазы күйлер» кітабы, екінші басылым. Құрастырушылар: Айтжан Токтаған, Мұрат Әбиғазы. -Алматы «Білім» 2007.

«СҰЛУЛЫҚ – ӨМІР АЙНАСЫ»

Тоқтарбаева Гүлназ Қалыбекқызы

Ш.Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясы, Тараз қаласы

«Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау».

Тренинг тақырыбы: «Сұлулық – өмір айнасы»

Тренинг мақсаты: Ұстаздар арасында мінез-құлқының дүниедегі ең сұлу мәнге ие екендігін дәлелдеу, сол арқылы ұстаздардың жан дүниесін сұлу болуына ықпал жасау. Әрдайым, әсемдікке құштар және әлемді құтқаратын сұлулық екенін, сұлулықты бағалай білу керек екенін түсіндіру.

Көрнекіліктер: Жаттығуға қажетті парақтар, жіп, майшам, жүрекше.

Тренинг барысы:

1. Ұстаздар 3 топқа бөлінеді.

2. Тренинг ережесімен танысады.

I. “Амандасу” жаттығуы.

Барлық қатысушылар дөңгеленіп ортада тұрады. Әрбір қатысушы бір-екі сөзбен яғни сұлулықпен байланыстырып өзін таныстырып, бүгінгі көңіл-күйімен бөліседі. Мысалы: «Менің есімім Гүлназ. Мен – психологпын. Бүгін өзімнің сұлулығымға тәнтімін!»

II. “Ұстаз таңбасы” топтық жұмыс

Яғни 3 топқа бөлінген мұғалімдер өз топтарын осы берілген сөздер арқылы ат қойып, қойылған тақырыпқа сай топтан 1 адам қорғап шығу керек.

1 топ - “кун”, “кемпірқосақ”

2 топ – “қолшатыр”, “магнитафон”

3 топ - “жүрек”, “машина”

(5минут)

Сұрақ-жауап:

I топ сұрақтары.

1. Ұжым дегеніміз не?

2. «Ұстаздың қолында адам өмірінің келешегі, тағдыры тұр»- деген сөзді қалай түсіндіресіз?

3. Өз қуанышыңызды ұжыммен бөлісіңіз? (Рөлге ену)

II топ сұрақтары.

1. «Достық» ұғымын қалай түсіндіресіз?

2. Достық туралы мақал мәтел келтіріңіз.

3. Достық қиындықта көрінеді. (Рөлге ену)

III топ сұрақтары.

1. Әріптестік сөзіне тұжырымдама беріңіз

2. Әріптестікті кім басқарған жөн. (Жасына сәйкес)

3. Бір жағдайға байланысты Жұмыстан сұрандыңыз, әріптесіңізден өзіңіздің орныңызға қалуға өтініш білдіріңіз. (Рөлге ену)

(әр топқа 3 минуттан уақыт беріледі)

III. Жаттығу : “Жіпті шешу. (жұптық жұмыс)

Қазақ халқында «Көршінің сеніміне лайық бол» деген мақал бар. Қане сіздер көршілеріңіздің сеніміне лайықсыздар ма, соны көрейік. Ол үшін: «Жіпті шешу» деген жаттығу. Ол үшін жіп шиеленіп, байланады. Қатысушылардан екі адам сол қолдарын артына ұстап оң қолдарымен бірлесіп жіпті шешулері керек. Қатысушы екі адам бірін-бірі түсінісіп шеше алса, онда олар жеңімпаз аталады.(4 минут)

IV. «Мен – үйде» және «Мен — жұмыста» жаттығуы (10 минут)

Қазір сіздер паракты екі бағанға бөліңіздер. Бірінші бағанаға «Мен үйде» деп, ал екінші бағанаға «Мен жұмыста» деп жазыңыздар. Осы екі бағананы сол жердегі мінез-құлықтарыңыз бен жүріс –тұрыстарыңызды жазыңыздар.

Талқылау:

Осы жағдайлардағы мінез-құлықтарыңыз бен жүріс-тұрыстарыңыздың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қорытынды жасаңыз.

Қай бағананы толтырған оңайға соқты?

Не себепті айырмашылықтар болады?

Бұл бағанадағы жағдайлар сәйкес келу керек па? Неге?

V. «Сұлулық айнасы» жаттығуы

Әр жұп бір-біріңізге 1 минут қарап отырыңыздар.

«Мен көріп тұрмын....» Көршіңізден қандай сұлулықты, әсемдікті көріп тұрғаныңызды айтасыз. Әр сөйлемді «мен көріп тұрмын» деп бастау керек. Айтып болған соң жұптар ауысады. Дәл солай жалғастырады.(1 минут).

Талқылау:

Сіз туралы айтқанда оның ойы шын келді ме?

Рефлексия: Сіздер туралы айтқанда, сіздер қандай сезімде болдыңыздар?

Ал, біреу туралы айтқанда қандай сезімде болдыңыздыр?

VI. Қорытынды: Жылы лебіз!!!

Барлық қатысушылар ортаға шығады. Қолдарына берілген майшамды алып, сағат тілі бойынша бүгінгі тренинг сабақтан алған әсерімен бөліседі. Жылы лебіздерін білдіреді.

Жүрекшеде мұғалімдерге арналған тілектер:

1. Аялы қолыңыздың жылуы кетпесін, мейірімге толы көзіңіздің нұры кетпесін.
2. Таудай талап, мызғымас сабырлық, қайтпас жігер, таусылмас талант тілеймін.
3. Денсаулығыңыз болаттай берік болсын, көңіліңіз сүттей ақ болсын, жүрегіңіз мөлдір судай таза болсын.
4. Шырша қандай жасыл болса, өміріңіз мәңгілік болсын, гүл қандай әдемі болса, күндеріңіз көркем болсын.
5. Қуанышты сәтіңіз көп болсын, уайым қайғыңыз жоқ болсын.
6. Жаздай жайдар мінез, қыстай қатты денсаулық, көктемдей әдемі өмір, күздей жомарт көңіл тілеймін.
7. Ашық аспанның астында өткізген әр күніңіз бақыт әніне толы болсын.
8. Асқақ арманмен болашаққа қарыштап қадам баса беріңіз.
9. Басыңыздан бақ кетпесі, астыңыздан тақ кетпесін.
10. Арман таудың шыңына абырой мен жеңісінің туын тігуіңізге тілектеспін.
11. Өміріңіз ұзақ болсын! Дастарханыңыз майлы болсын!
12. Жүрегіңіз нәрлі болсын! Өміріңіз тәтті болсын!
13. Бақыт теңізінде мінген кемеңіз үнемі жеңісті жағалауға жеткізіп отырсын.
14. Басыңыз аман, бауырыңыз бүтін болып, айналаңызға шаттық нұрын шашып жүре беріңіз.
15. Дұшпаныңыз еш жоқ болып, достарыңыз тым көп болсын.

ӘР КҮНІҢНІҢ ШУАҚТЫ БОЛУЫ СЕНІҢ ҒАНА ҚОЛЫҢДА!

Адамдық – ақылда, сұлулық – жүректе.

Тренингке қатысушыларға рахмет айта отырып, тренингті аяқтау.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Шынбатыр Тоқжан Байдалықызы

«Келешек-Тараз» ҒИМЛІ Тараз қ.

Аннотация

Бұл мақалада химия пәнінен функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар түрлеріне толығырақ тоқталамыз. Бұл жұмыста тапсырмалармен жаттығуларды құрастыру үшін мәтін ретінде тек негізгі дереккөздер ғана емес, сонымен қатар көркем және публицистикалық әдебиет шығармаларынан үзінділер пайдаланылды, олар тапсырмаларға жаһандық дамуды және материалды жақсы меңгеруге және жалпы қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Оқушыларға химия пәнін оқыту барысында заттардың құрамына, қасиеттеріне және түрленуіне ерекше қызығушылықты дамыту, химиялық құбылыстарды, химиялық заңдылықтарды қоршаған әлемнен бөліп алу және оларды өмірде ақыл-ойдың химиялық бағдарының элементтері ретінде пайдалану, химия мұғалімдерінен оқытудың инновациялық әдістеріне басымдық беруді талап етеді. Соның бірі, тапсырмаларды оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негіздеу керек.

Кілтті сөздер: химия, функционалдық сауаттылық, мәтін, кесте, жобалау, зерттеу.

ВИДЫ ЗАДАНИЙ ПО ХИМИИ, НАПРАВЛЕННЫХ НА ФУНКЦИОНАЛЬНУЮ ГРАМОТНОСТЬ

В данной статье мы более подробно остановимся на видах заданий по химии, направленных на функциональную грамотность. В данной работе в качестве текста для составления упражнений с заданиями использовались не только первоисточники, но и отрывки из произведений художественной и публицистической литературы, которые помогают задачам развиваться глобально и лучше усваивать материал и повышать общий интерес. Развитие особого интереса учащихся к составу, свойствам и преобразованиям веществ в процессе преподавания химии, выделение химических явлений, химических законов из окружающего мира и их использование в жизни в качестве элементов химической ориентации ума требует от учителей химии отдавать приоритет инновационным методам обучения. Одно из них заключается в том, что задания должны основываться на развитии функциональной грамотности учащихся.

Ключевые слова: химия, функциональная грамотность, текст, таблица, проектирование, исследование.

Annotation

TYPES OF CHEMISTRY TASKS AIMED TO FUNCTIONAL LITERACY

The types of chemistry assignments aimed at functional literacy in this article discussed in detail. In the work, not only primary sources, but also excerpts from works of fiction and journalistic literature were used as texts for composing exercises with tasks, which help students to develop globally and better assimilate the material and increase their general interest. The development of students' special interest in the composition, properties and transformations of substances in the process of teaching chemistry, the isolation of chemical phenomena, chemical laws from the surrounding world and their use in life requires chemistry teachers to give priority to innovative teaching methods. One of them is that assignments should be based on the development of students' functional literacy.

Keywords: chemistry, functional literacy, text, table, design, research.

Химия пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын тапсырмалар қазіргі заманның талабына сай, нақты, өлшемді, оқушының жас ерекшелігін ескеретіндей дайындалу керек. Оқушылар мұндай тапсырмаларды орындау барысында жан-жақты дамып, алған білімдерін болашақта нақты қай салада пайдалана алатынына көзі жеткізеді. Мен өз тәжірибемде функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалардың түрлерін былай жіктедім: мәтіндік, кестелік, жобалық.

Мәтіндік тапсырмалар мен жаттығуларды құрастыру үшін мәтін ретінде тек негізгі дереккөздер, оқулықты ғана емес, сонымен қатар көркем және публицистикалық әдебиет шығармаларынан үзінділер пайдаланылды. Мәтіндік тапсырма орындау барысында оқушылардың химиялық білімдерімен қатар оқу сауаттылығы дамиды. Мәтіндік тапсырманың ерекшелігі берілген мәтін күнделікті өмірмен тікелей байланысты болады, оқушы мәтінді оқи отырып, қажетті ақпаратты еске сақтап, тапсырманы орындау барысында қолданады. Мәтіндік тапсырмаларға мысалдар:

Тапсырма: №1. В. Пикулдың «Зұлым рухтар» шығармасын оқу. 1916 жылы Юсуповтың үйінде Г. Распутинді калий цианидімен толтырылған пирожныйлармен улану сәтсіз әрекетінің үзіндісін табыңыз. Неліктен бұл әрекет сәтсіз болды? Химиялық тұрғыда түсіндіріңіз. Сиан қышқылы мен калийцианидінің глюкозамен реакция теңдеулерін жазыңыз.

Тапсырма: №2. Химиктер «махаббатты» адам ағзасында амфетамин, адреналин, дофамин және фенилэтиламиннің бөлінуімен жүретін күрделі биохимиялық процесс деп санайды. Осы қосылыстардың құрылымдық формулаларын құрастырыңыз және олардың химиялық тұрғыдан организмге әсерін сипаттаңыз, сәйкес реакция теңдеулерін жазыңыз.

Тапсырма: №3. Темекі шегетін адамдар темекі түтінінен болатын ауруларды білуі керек. Темекі түтінінің негізгі компоненттері мен жаңадан пайда болатын аурулардың салыстырмалы

диаграммасын жасаңыз. Никотиннің, никотинқышқылының және никотинамидтің формуласын жаз. *Сұраққа жауап беріңіз:*

«у» және «дәрі» ұғымдарының арасында өткір шекараны қоюға болады ма?

Химия пәнінде кестелік тапсырмалар көп кездеседі. Осындай тапсырмаларды функционалдық сауаттылыққа бағыттау үшін ол тапсырмалар оқушылардың күнделікті өмірде кездесетін жағдайлармен байланысты болуы керек. Мысалы: дәрінің құрамы жазылған арнай кестелер, жансыз табиғаттағы және адам ағзасындағы химиялық элементтердің салыстырмалы сипаттамасы берілген кестелер, ағзадағы химиялық элементтердің биологиялық рөлі мен физиологиялық әрекеті және тірі ағзаның құрамындағы химиялық элементтердің жіктелуі, биологиялық классификациясы туралы емханалар, ауруханаларда кездесетін кестелерді пайдалануға болады.

Кестелік тапсырмаларға мысалдар:

Тапсырма №1 - Бес дәрінің құрамындағы химиялық элементтерге талдау жасап, келесі кестені толтыру.

Кесте 1. Дәрілік заттардың құрамындағы химиялық элементтердің мөлшері.

Дәрілік препарат	Химиялық элемент	Физиологиялық әсері
1.	1. 2. 3.	
2.	1. 2. 3.	

Тапсырма №2. Жер қыртысы мен адам ағзасындағы макроэлементтердің пайызы туралы ақпаратты табыңыз. Табылған мәндерді келесі кесте түрінде көрсетіңіз.

Кесте 2. Адам ағзасындағы және жер қыртысындағы химиялық элементтердің құрамы.

Элемент	Химиялық элементтердің пайыздық мөлшері	
	Адам ағзасы	Жер қабығы
1.		
2.		
3.		

Химия сабағында тапсырмаларды жобалау тапсырмаларына айналдыру кезінде мұғалімнің шығармашылық қабілеті ерекше рөл алады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында жобалау тапсырмалары маңызды болып табылады. Сабақта қолданылған кішкене жобалау тапсырмаларын әрі қарай дамытып, үлкен зерттеу жұмысына жеткізуге болады. Мектеп оқушыларына химияны оқытудың жобалау технологиясы әртүрлі мақсаттарда қолданылуы мүмкін: химиялық сюжетті құрастыру; химиялық номенклатура бойынша жалпылама білімді қалыптастыру; мамандық таңдауда химиялық сауаттылықтың ресурстық рөлін түсіндіру. Жобалау тапсырмалары оқушылардың тұжырымдамалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Жобалық тапсырманың соңында оқушы тақырыпты (технологияны) егжей-тегжейлі зерттеп, берілген мақсатқа жету жолдары жазылған, зерттелген практикалық нәтиже – шағын жоба жұмысын қорғау керек.

Жобалау тапсырмасына ұсынылатын тақырыптар:

Химия және адам денсаулығы;

Ағзадағы химиялық элементтердің биологиялық рөлі мен физиологиялық әрекеті (дәрілік заттар түрінде қолданылуы);

Адам денесінің элементтік құрамы; Тамақтанудағы және экологиядағы химия; Минералды тыңайтқыштар: пайдасы және зияны;

Косметикада қолданылатын химиялық заттар;

Пластикалық ыдысты микротолқынды пеште қыздырғанда жүретін химиялық процестер және т.б.

Функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар оқушылардың алған білімдерін болашақта мамандық таңдауда және кез-келген өмірлік жағдаяттарында қолдана алатына негіздеу болып табылады. Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың бойында келесі креативтілік ойлау, ақпаратты өңдеу, сұрыптау, жинақтаудағылары дамиды. Білімалушыға қол жетімді теориялық білімді пайдалануға, жетіспейтін білімді өз бетінше алуға және алынған нәтижелерді түсіндіруге жағдай жасайтын контекстік тапсырмалар практикалық қызығушылық тудырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мендубаева З.А., Макарова О.А., Гринченко Е.Л., Уварова Т.А. Задачи и упражнения с химическим содержанием к контекстам для студентов вуза как реализация функциональной нагрузки учебной книги // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №
2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29590>.

«ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ САБАҚ»

Айдилдаева Гүлдархан Аманқызы «МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТКЕ АЙТҚАНЫ» ПОЭМАСЫНЫҢ СТИЛІ	5
Бекқожаева Назгүл Сапарқызы ҚАНЫШ СӨТПАЕВ – ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ТҮЛҒА	8
Байгулиева Жазира Нуреловна ROBOTICS. PEPPER THE EMOTIONAL ROBOT	10
Байгелова Каламкас Есбергеновна ЫДЫРАУ ҮДЕРІСТЕРІ. АС ҚОРЫТУ ФЕРМЕНТТЕРІНІҢ ӘСЕРІ	13
Бақтыбай Дәмелі Мұратқызы БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН WEB- КЕҢІСТІК РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ПӨНГЕ ДЕГЕН ІШКІ УӘЖІН АРТТЫРУ	16
Григорьева Диана Сергеевна ГЕРОИ ПОВЕСТИ «ПИКОВАЯ ДАМА» И ИХ ДУШЕВНЫЕ ТАЙНЫ	20
Жанпейсова Кундыз Мейрхановна АНТУАН ДЕ СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИ. СКАЗКА-ПРИТЧА «МАЛЕНЬКИЙ ПРИНЦ»	25
Жангарашева Ардақ Төлепбаевна ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАРЫН МАМАНДАНДЫРУ	29
Джаманкулова Молдир Адилхановна WHO SAYS STRESS IS BAD FOR YOU	32
Жакипова Ақмарал Мырзажанқызы ҮШБҰРЫШТАРДЫ ШЕШУ	34
Инкарбаева Жанар Ержанқызы БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ІРГЕЛІ ЕЛДІҢ КЕПІЛІ	39
Косакбаева Жанагуль Раимхановна Ш.Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесі. «МЕН ҰСТАЗЫМА ӘКЕМНЕН КЕМ ҚАРЫЗДАР ЕМЕСПІН»	42
Кожажулова Жанна Калкатаевна ЦИФРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	46
Нурбекова Анара Сейтхановна CLIL. LANGUAGE AND LITERATURE. WORD BUILDING: ADJECTIVES. GULLIVER'S TRAVEL	58
Найзагерова Ансаған Айтикешовна ЗНАКИ ПРЕПИНАНИЯ В БСП	62
Септемирова Акмолдир Жомартовна ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТОЛҚЫНДАР. ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТОЛҚЫНДАР ШКАЛАСЫ	65
Сейтжапарова Асем Батырбековна BIG DATA	67
Сейткалиева Раджанна Зинатоллина ЕКІ ТІЛДІ БІЛГЕН - ЕКІ АДАМ	70
Сатыбалдиева Тоғжан Сүйіндікқызы PODCAST TECHNOLOGY IN LANGUAGE LEARNING	72
Туленова Динара Джумабековна ТАБИҒИ РАДИОАКТИВТІЛІК. РАДИОАКТИВТІ ЫДЫРАУ ЗАҢЫ	73
Кубеев Дарын Бейсенгалиевич МИНИ РОБОСУМО	77

Иргебаева Гульназира Жалдиевна ҮШБҰРЫШТАРДЫ ШЕШУ	78
---	----

«ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ САБАҚ» ЖОО

Елубаева Миршат Сайлаубековна ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	84
Спаналиева Гулнур Турсимбетовна БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕР-СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУЫТУ НЕГІЗІ	87

«ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ»

Айтекова Анар Рапильбековна, Исақата Бекарыс Жолбайұлы «UNI USTAZ» ЖОБАСЫ	90
Абаханова Ақбота Тлеубайқызы БАҒДАРЛАМА «SPEAKING CLUB»	93
Бекмуратова Айгуль Козбаевна, Серік Санжар "ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯНДЫ ӘСЕРІ"	102
Кунбасова Гаухар Советкалиевна QR КОДТЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ	116
Пермебаева Жұлдызай Мақсатқызы FOR ЦИКЛІ	123
Ревшенов Шынғыс Айтбаевич НОТАЛЫҚ БІЛІМСІЗ ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	127
Тоқтарбаева Гүлназ Қалыбекқызы «СҰЛУЛЫҚ – ӨМІР АЙНАСЫ»	132
Шынбатыр Тоқжан Байдалықызы ХИМИЯ ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ	133

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ:
ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»
Халықаралық педагогикалық оқуларының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международных педагогических чтений
«ЦИФРОВАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ:
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**COLLECTION OF
International Pedagogical Readings
«DIGITAL COLLABORATION IN EDUCATION:
CURRENT ISSUES AND PROSPECTS»**

Жауапты редактор:

Бузаубакова К.Д.

Корректорлар:

Келиманова Ж.М.

Техникалық редакторы

Абдрасилов А.И.

Компьютерлік беттеу

Маханбеткул Г.

**Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.
Автордың дайын файлынан алынған.**

Баспаға 24.04.2024ж. қол қойылды.
Пішімі 60x80 1/16. Есепті б. т. 13,0. Шартты б. т. 12,5
Таралымы 100 Тапсырыс 856.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Dulaty university» баспасы
080012, Тараз қ., Сүлейменов к-сі, 11